



Автор: Боқашбаева Маржан Діқанқызы

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Талқылаймыз және бағдарламаны жасаймыз

Тақырып: Программалық қамтамасыз ету

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары:	5.1.2.1 «Программалық қамтамасыз ету» ұғымын түсіндіру Барлық оқушылар: Программалық қамтамасыз ету ұғымын түсіну. Оқушылардың басым бөлігі: Программалық қамтамасыз етудің түрлерін, құрылымын, мүмкіндіктерін меңгеру. Кейбір оқушылар: Программалық қамтамасыз ету бойынша драйверді орната алу.
Бағалау критерийлері:	Программалық қамтамасыз ету ұғымын түсінеді. Программалық қамтамасыз етуді жүйелік ПЖ, қосымшалар мен қолданбалы программаларды мақсатына қарай жіктей алады. Программалық қамтамасыз ету бойынша драйверлерді орната алады
Ойлау дағдылары:	Білу, түсіну, ойлау, қолдану, жинақтау, жіктеу
Тілдік мақсат:	Термин сөздер: Операциялық жүйе, жүйелік программалық жүйе, қолданбалы программалық жүйе, драйвер, утилит, интерфейс
Құндылықтарды баулу:	Оқушылардың танымдық қызығушылығын, адамгершілік қасиеттерін арттырып, тиянақтылыққа тәрбиелеу. Бүгінгі сабақта білгендерін өмірде қолдану.
Пәнаралық байланыс:	Математика, ағылшын тілі, орыс тілі
Алдыңғы білім:	Программа ұғымын біледі. Программаларды бір-бірінен ажырата алады.

Сабақ барысы

Са ке зе ңд	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
----------------------	------------------------	-----------

Са Ұйымдастыру.

ба 1) оқушылармен сәлемдесу;

қт 2) сыныпта ынтымақтастық атмосфераны орнату;

ын Оқушылар шеңбер болып тұрып бір - біріне, жақсы тілектер

ба айтады.

сы Суреттер арқылы Астана қаласын «дейін- кейін» суретін

: салыстыра отырып, топқа бөліну «Пазл» әдісі, қима қағаздар

(
8м
ин
)



Әр топтың мүшелері өздерінен бір спикер, бір бағалаушы сайлап алады.

Топ бағалаушыларына бағалау парақшалары беріледі..

«Қарлы кесек» әдісі арқылы алдыңғы сабақты қайталау.

-Ақпараттың қандай өлшем бірліктері бар?

-Хабарламаның ақпаратың көлемі деген не?

-Бит дегеніміз не? -Ақпаратты жеткізу жылдамдығы дегеніміз не?


-Не үшін компьютерде ақпараттар 0 мен 1 сандары арқылы беріледі?

-Неліктен жыл өткен сайын әлемдегі ақпараттар саны жылдам көбейуде?

ор Жаңа тақырыпты презентация арқылы түсіндірдім.
та Программалық қамтамасыз ету - компьютерде белгілі
сы командаларды орындауға арналған программалар жиынтығы
: Программалық жабдықтамалар:
(Жүйелік ПЖ Операциялық жүйе драйверлер.
3 Қосымшалар.
Ом Офистік қосымшалар;
ин деректер қоры; желілік қосымшалар;
) энциклопедиялар; анықтамалар:
мәтінді тану прграммалары;
шетел тілдерінен аударушы программалар;
ойындар.
Жүйелік ПЖ:
• Операциялық жүйе-компьютердің қондырғылары мен
программалық жабдықтамаларының жұмысын басқарады.
• Драйверлер - компьютерге қосылған түрлі құрылғылардың
жұмыс істеуі үшін қажетті программалар
• Утилиттер-компьютерге мұрағаттау, дискілердегі ақпараттың
бұзылмауын тексеру, қажетті файлдарды іздеу сияқты
қызметтер көрсететін шағын программа
Жаңа тақырыпқа сай оқушыларға тапсырмалар беріледі.

1-тапсырма:

1. Көрсетілген компьютерлік бағдарламаларды қамтамасыз ету типіне сәйкес бөліп жазыңыз. (Топтағы бағалаушы оқушылар бағалау парағын толтырып барады.)



Жүйелік бағдарламалық қамтамасыз ету
Қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету
Дескриптор

1. Компьютерлік бағдарламаларды типіне қарай ажыратады.
2. Жүйелік және қолданбалы бағдарламалардың қызметін ажырата алады.

2-тапсырма:

1. Программалық қамтамасыз ету мен қолданбалы жүйелік программаларды міндетіне қарай жіктеңіздер. (Топтағы бағалаушы оқушылар бағалау парағын толтырып барады.)

Дескриптор

1. Программалық қамтамасыз етудің жұмыс істеу міндетін біледі.
2. Қолданбалы программалардың міндетіне қарай ажырата алады.

3-тапсырма. (практикалық жұмыс)


1. Сыныпта орналасқан принтердің драйверін орнатып, құжатты баспадан басып шығару (Топтағы бағалаушы оқушылар бағалау парағын толтырып барады.)

Дескриптор

1. Интернеттен принтер драйверін таба алады;
2. Принтер драйверін көшіріп ала алады;
3. Драйверді орнатуды біледі;
4. Құжатты баспаға беру жолын біледі
Сабақты «Өрмекші торы» әдісімен пысықтаймын. Мен өзім жіптің ұшын ұстап тұрып бір балаға сұрақ қою арқылы лақтырамын. Ол сұраққа жауап бере отырып келесі балаға сұрақ қойып лақтырады. Осылай жалғаса береді. Балалардың барлығы сұрақ қойып және жауап бере алады.

1. Операциялық жүйе деген не?
2. Антивирустық бағдармаларды ата. 3. Драйверлер деген не?
4. Графикалық редактор деген не?
5. Утилиттер дегеніміз не?
6. Құрылғылардың жұмыс істеу үшін қажетті программаларын

Image not found or type unknown



со Кері байланыс «Бағдаршам» әдісі
ның «Бағдаршам» әдісі:
: үш түрлі стикерге оқушылар осы сабақтан алған әсерлерін
(жазады.
7м Түсінбедім-қызыл параққа
ин Енді түсініп келемін – сары параққа Барлығын түсіндім-жасыл
) параққа
Үй тапсырмасы §11-12 оқу

Image not found or type unknown

